

- 11 Shutaya, N. K. (2015). *The Role of the "Government Office" Chronotope in F. M. Dostoevsky's Novel "The Sign"*. [Online]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/hronotop-bala-v-proizvedeniyah-l-tolstogo/viewer> (accessed 03.12.2025).
- 12 Sun Jingxue (2023). *The Chronotope of the Ball in the Works of L. N. Tolstoy*. Linguistics and Literary Studies, Shandong University, Jinan. [Online]. Available at: <https://cyberleninka.ru/> (accessed 06.12.2025).
- 13 Chugh, Disha (2020). *Literary Chronotope: An Exploration*. IIS Univ. J. A., pp. 110–115.
- 14 Esalnek, A. Ya. (2008). *The Chronotope in A. P. Chekhov's Short Stories (Based on the "Little Trilogy")*. Moscow: Portal "O literature". [Online]. Available at: http://taganrog-gorod.ru/upload/content/blg/chexov/proza/20_09_09_2020.pdf (accessed 16.12.2024).
- 15 Lovecraft, H. P. (2021). *The Call of Cthulhu* (collection, Russian translation). Moscow: AST Publishing. 416 p.
- 16 Wu Cheng'en (2014). *Journey to the West*, Vol. 1. Moscow: Book on Demand. 460 p. (Russian edition)
- 17 Interview by Yuri Dud with Armen Zakharyan. "An Incredible Conversation About Books". [Online]. Available at: <https://youtu.be/g8CfjYTCspM?si=MzGIXs5cWaIjPw8> (accessed 12.11.2024).
- 18 Radiontseva, E. S. (2025). *Chronotopic Dominants of the Media Space of the BANI World*. Kommunikologiya. [Online]. Available at: <https://doi.org/10.21453/2311-3065-2025-13-1-25-38> (accessed 10.01.2025).

Received: 01.11.2025

MFTAP 17.07.41

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp247-259](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp247-259)

А.К. Хусаинова

Alikhan Bokeikhan University, 071410, Семей, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР ОБРАЗЫ (Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ МЕН Р.Н.ГЮНТЕКИН ПРОЗАСЫ БОЙЫНША)

Қазақ және түрік әдебиетіндегі гендерлік аспектілердің берілуі ХХ ғасырдан бастау алады. ХХ ғасырда түрлі тарихи оқиғалардың, мәдени құндылықтардың ауысуымен, сонымен қатар әйел теңдігі мәселесінің көтерілуі ерекшеленеді. Қазақ және түрік қоғамы ислам түсініктеріне негізделген. Осыған сәйкес әйел мәселесінде ұқсастықтар көрінеді. Зерттеудің мақсаты – қазақ және түрік әдебиетіндегі гендерлік аспектіні зерттеу. Зерттеудің негізгі бағыттары мен идеялары феминистік әдебиет, гендерлік аспектімен байланысты. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы Ж.Аймауытұлы мен Р.Н.Гюнтекин шығармашылығын гендерлік аспектіде зерттеуден көрінеді. Практикалық маңыздылығы Ақбілек пен Фериде образдары талдануымен байланысты. Зерттеуде нарративті талдау әдісі, контент-ориентативті талдау әдістері қолданылған. Нәтижесінде қазақ және түрік қоғамындағы әйелдің орны көркем шығарма аясында талданады. Талдаулардың нәтижесінде Ақбілек пен Фериде образдары «әлеуметтік образ» ретінде анықталып, қазақ және түрік қоғамындағы маңызды әлеуметтік мәселелерді жеткізетіні айқындалған. Зерттеудің құндылығы қазақ және түрік қоғамындағы әйелдердің орны ғана емес, жасампаз, жеңімпаз әйелдер образы анықталады. Қоғамның талаптарына қарамастан жеңімпаз бола білген Ақбілек пен Фериде образы әлеуметтік образ аясында жекелей талданады.

Кілт сөздер: Феминистік әдебиет, гендерлік аспект, проза, әлеуметтік образ, қоғам бейнесі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

«Феминистік әдебиет», «гендерлік теңдік», «феминистік дискурс», «әлеуметтік образ», «феминистік нарратив» сынды ұғымдар әлем әдебиетінде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңінен қолданысқа енді. Аталған ұғымдар көркем шығармадағы әйелдер бейнесінің берілуі, сипатталуы, шығармадағы әлеуметтік мәселелер жайын терең зерттеуде қолданылады. Әдеби зерттеушілердің айтуынша көркем шығармадағы әйелдер бейнесінің сомдалуы қоғамдық қақтығыстардың, әр кезеңде орын алған әлеуметтік мәселелердің көрінісімен байланысты анықталады. Осы орайда «феминистік әдебиет» ұғымына тоқталып өтсек. Зерттеуші Э.Гросс анықтауынша «феминистік әдебиетте» әйел авторлығына үлкен мән берілетінін айтады. Сонымен бірге феминистік әдебиетте үш топтағы мәтіндердің барын ажыратады: әйел авторлардың мәтіндері; «феминдік мәтін» – әйел стилінде жазылған мәтіндер; «феминистік мәтін» – патриархалды негізде қалыптасқан әдеби канондарға қарсы жазылған мәтіндер [1, 21]. Әлем әдебиетінде әйелдер образы Г.Мопассан, Ш.Бронте, Э.Беннет, Г.Флобер, Л.Толстой, Р.Н.Гюнтекин, М.Митчелл және т.б. авторлардың көркем туындыларында сомдалған.

Қазақ әдебиетінде «әйелдер бейнесінің» сомдалуы XX ғасыр басындағы М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С.Торайғыров «Қамар сұлу», Б.Майлин «Шұғаның белгісі», Ж.Аймауытов «Ақбілек», С.Көбеев «Қалың мал» және т.б. шығармаларында «теңдік» мәселесімен байланысты. XX ғасыр басындағы қазақ әйелінің хәлі интеллегенциясының басты назарында болды. Қазақ қоғамындағы әйел орнының төмендеп, қалың малға сатылуы сол кезеңнің өзекті мәселесі еді. Ол кезеңде әйелдерге теңдік беру, оқыту мәселесі барлық оқыған қазақ азаматтарының әрқайсысы үшін маңызды болды. XIX ғасырдағы орыс революционерлерінен үлгі алған қазақ зиялылары көркем шығармаларында әйел бейнесі арқылы бүтін қазақ қоғамының бейнесін беруді мақсат етті. Сүйгеніне қосыла алмаған Жамал, Шұға, Қамар сынды әйелдер образы қазақ даласындағы теңдік мәселесін ғана емес, әлемдегі өзгерістерден қалыс қалып жатқанын көрсетті. Дегенмен XX ғасыр басында ерек болмысымен қазақ әдебиетіндегі озық бейне ретінде танылатыны – Ақбілек образы. Әлем әдебиетінде Ақбілек образымен Р.Н.Гюнтекиннің Феридесі теңесе алады. Феминистік әдебиетте анықталатын «феминистік мәтіндерге», анығырақ айтатын болсақ қалыптасқан әдеби канондарға қарсы шығып, әйелдер образы жайлы жаңа көзқарасты көрсететін «Ақбілек» пен «Беймаза бозторғай» шығармаларын атаймыз.

КІРІСПЕ

«Ақбілек» пен «Бозторғай» шығармаларын негізге алып, салыстыра зерттеудің бірнеше себептері бар. Екі кейіпкер Ақбілек пен Фериде өз заманының оқыған қыздары, еркіндікке, теңдікке ұмтылыс жасап, қоғамдағы әйелдерге қатысты әлеуметтік мәселелерді көрсетуімен ерекшеленеді. Тақырыпты зерделеу қазақ және түрік әдебиетіндегі әйелдер образын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Аталған тақырыпты зерттеудің өзектілігі гендерлік теңдік, феминистік әдебиет аясында жаңа көзқарастардың қалыптасуымен байланысты.

Әлем әдебиетінде өзіндік орны бар «Бозторғай» шығармасы – Р.Н.Гюнтекиннің әйел тақырыбына арналған үздік туындыларының бірі. Әдебиет зерттеушілері «Бозторғай» шығармасындағы Фериде образын түрік әдебиетінің «Джейн Эйрі» деп бағалайды. Ш.Бронтедің «Джейн Эйр» шығармасы да әйел теңдігі, әйелдің қоғамдағы орны сынды негізгі мәселелерді көтереді. XX ғасыр басында жазылған «Бозторғай» туындысы түрік қоғамындағы әйел орнын, қоғамдық өмірдегі әйелдің әлеуметтік маңызын жеткізеді. XX ғасыр басында түрік қоғамында үлкен жылдамдықтағы өзгерістер мен әлеуметтік құндылықтардың жаңғыруы орын алып жатты. «Бозторғай» шығармасында еркін, ерік-жігері мықты жаңа әйел типі сомдалады. Француз миссионерлік колледжінде білім алып, Түркияның оқу орындарын сабақ берген Фериде образы көп тұста қазақ әдебиетіндегі

Ақбілек образымен ұқсас. Зерттеуші А.М.Нигматуллина түрік әдебиеті өзге де ұлт әдебиеттері секілді дәстүр мен жаңашылдық мәселесінің қаламгерлер туындыларында сомдалуы тарихи оқиғалардың әсерінен екенін айтады [2, 46]. XX ғасыр басындағы түрік тарихы біршама өзгерістерді бастан кешіп жатты. Осман империясы құлдырап, ендігі түрік халқының тағдыры қиын кезеңдерді бастан өткереді. Сол кезеңдегі қалыптасқан түсініктер, діни ұстанымдар көркем шығармаға өзек болып, әйел образы жайлы стереотиптердің өзгеруіне алып келді.

Зерттеушілер Қ.Нұрғали, В.Сирияченко А.Чехов, Б.Майлин шығармаларындағы әйел образын салыстыра талдап, әйелдердің көркемдік образының айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанын айтады. Әйелдер жайлы қалыптасқан стереотиптер үй жұмыстарының орындалуы, бала дүниеге әкелу сынды қызметтердің аясында қалыптасқан. Соған қарамастан А.Чехов, Б.Майлин шығармаларында әйелдердің жаңа образын сомдап, теңдік мәселесін көтереді. Сонымен бірге әйелдер образын жан-жақты талдауда образдың психологиялық аспектілері басты назарға алынады [3, 128]. «Джейн Эйр» шығармасын «дауыс» концепциясы аясында зерттеген С.С.Лансер XIX ғасырдағы шығармалардан болмысы бөлек «әйел дауысының» айқын көрінісі екенін айтады [4, 177]. Бұл жердегі «әйел дауысы» деу арқылы әйелдерге қатысты мәселелердің Джейн Эйр образы негізінде жеткізілуі екенін атап өтуіміз керек.

«Ақбілек» образы – қазақ әдебиетіндегі соны құбылыс, жаңа мазмұндағы бейне. Тағдырының басқа салған қиын тағдырына қарамастан, болашақтан күдерін үзбеген, оқыған қазақ қызы. XX ғасыр басында «оқу», «білім алу» қыздарға арналмаған деген түсінік қалыптасқан. Олардың басты қызметі отбасын құру, бала тәрбиесі еді. Ақбілек болса өз қоғамының түсініктеріне қарсы шығып, оқып, білім алып өзінің әлеумет арасындағы орнын көрсете білді. «Ақбілек» шығармасы жайында әдебиеттанушы-ғалымдар түрліше баға береді. Ко Кенг Ми «өз азаттығы жолындағы күрескер бейне» [5, 33], Е.С.Адаева «жеңіске жеткен қазақ әйелінің образы» [6, 92] деп бағалайды. Д.Ысқақұлы, М.Жакенбаева «бас бостандығы мен жан қалауына қол жеткізген күрескен кейіпкер» [7, 59], қазақ әйелдерінің образы жайлы пікірі де Ақбілек бейнесіндегі күрескерлік қасиетті көрсетеді. Сонымен бірге зерттеушілер Д.Ысқақұлы, М.Жакенбаева әйел бостандығы тақырыбында жазылған шығармаларға тән бес түрлі факторды жеткізеді: 1. Интеллегенцияның қазақ қыздарының сауатын ашып, ағартушылыққа бағыттау; 2. Қазақ әйелінің сөз бостандығы мен отаршылдықтың ұлттық құндылықтарға зардабын қатар көрсету; 3. Әйел теңсіздігі мен әлеуметтік теңсіздік; 4. Әйел құқығының тапталуы; 5. Әйел бостандығы негізінде ұлттық сана-сезімді сақтауға шақыру [7, 54]. Осы негізде мақаланың негізгі мақсаты – қазақ және түрік әдебиетіндегі әйелдер образын мәдени, тарихи аспектіде салыстыра талдау. Осыған байланысты зерттеудің негізгі міндеттері: 1. Қазақ және түрік қоғамында қалыптасқан тарихи оқиғалардың әсерін айқындау; 2. Әлем әдебиетіндегі «әйел» тақырыбына қатысты ұғымдарды саралау; 3. Ақбілек пен Ферида образдарына тән ұқсастықтарды анықтау.

Зерттеуші қазақ әдебиетіндегі гендерлік аспектіні қарастыра келе мынадай жайттың басын ашады.

Мақаланың негізгі нысаны ретінде Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», Р.Н.Гюнтекиннің «Бозторғай» шығармалары, Ақбілек пен Ферида образдары алынған. Зерттеу тақырыбы көркем әдебиеттегі гендерлік аспектісімен, әйел образының әлеуметтік маңызымен байланысты. Мақала гипотезасы көркем шығармадағы әйелдер образының әлеуметтік образ ретінде анықталуын айқындап, Ақбілек пен Ферида образдары аясында талданады. Осы негізде мақаланың өзектілігі әйелдер образының әлеуметтік образ ретінде анықталуы, әдебиеттегі гендерлік аспектінің терең қарастырылуынан көрінеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу материалы ретінде қазақ әдебиетіндегі Ақбілек образы мен түрік әдебиетіндегі Ферида образы қарастырылады. Қазақ және түрік қоғамындағы әйел мәселесі, қоғамдағы

орны көрсетілген шығармалар гендерлік аспект аясында талданады. Салыстырыла талдауға алынған Ақбілек пен Фериде образдары көркем әдебиеттегі гендерлік аспектімен бірге, «әлеуметтік кейіпкер» ұғымында айқындалады. XX ғасыр басындағы қазақ және түрік қоғамының шынайы болмысын көрсететін шығармаларда сол кезеңдегі әйелге қатысты стереотиптер айқын көрініс береді. Сонымен бірге аталған кезеңде қазақ және түрік қоғамында ислам ережелері қатаң ұсталынып, әйелдердің отбасының жанында болуы керек.

Ақбілек пен Фериде образдарының әлеуметтік маңызын, гендерлік аспектісін анықтау зерттеудің негізгі мәселесі ретінде көрінеді. Зерттеу барысында ұсынылатын негізгі гипотезалар мыналар: «Ақбілек пен Фериде образдары – қиындықты оқумен жеңген, жеңімпаз кейіпкерлер», «Ақбілек пен Фериде образдары XX ғасыр әдебиетінде кездесетін гендерлік теңдіктің алғашқы қадамы», «Ақбілек пен Фериде образдарының әлеуметтік маңызы – әлеуметтік кейіпкер ұғымы аясында анықталуы». Зерттеу негізгі үш кезеңде жүргізілді: 1) қазақ және түрік әдебиетіндегі гендерлік аспектіні сомдаудың алғашқы қадамдарын салыстыру; 2) қазақ пен түрік қоғамындағы әйел жайлы қалыптасқан түсініктерді айқындау; 3) Ақбілек пен Фериде образдарының әлеуметтік маңызын анықтау.

Зерттеуде жалпы әдеби әдістер: салыстыру, талдау, сипаттау, жинақтау қолданылған. Нарративті талдау кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға, оқиға желісіндегі баяндауларды жекелей талдауға мүмкіндік береді. Нарративті талдау әдісі көптеген салаларда қолданылады. Атап айтар болсақ, тарих, жаратылыстану, әлеуметтану, политология, сонымен қатар медицина салаларында да қолданыс табады. Бұған себеп баяндау мәтіндерін зерттеу жеке адамның әлемді тануы, әдет-ғұрпы, мәдениеті жайлы терең ақпарат береді. Нарратив элементтері ретінде оқиға, кейіпкер, бейвербалды элементтер танылады. Нарративті талдаудың теориялық, методологиялық негізінің қалыптасуына Э.Гуссерль, П.Рикер, Дж.Г.Мид, Г.Блумер сынды зерттеушілер әсер еткен. Жалпы нарратив деген ұғымның өзі шығармада өткен оқиғалардың баяндалуын білдіреді. Осы орайда контент-ориентивті талдау әдісі де өткен оқиғаларға қатысты қалыптасқан имплицитті мазмұнды анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада гендерлік аспектіні анықтау көзделген. Осыған сәйкес интерпретациялық әдісте қолданыс тауып, образдардың әлеуметтік маңызын айқындауда қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде XX ғасырда жазылған «Ақбілек» пен «Беймаза бозторғай» шығармаларының әлеуметтік маңызы айқындалып, гендерлік аспектіде оқыған әйелдер, жеңімпаз әйелдер жайы баяндалады. Ақбілек пен Фериде қиын тағдырына қарамастан, жеңіске жеткен образдар ретінде сомдалады. Шығармадағы психологиялық суреттеу мен кейіпкерлер әлемінің сомдалу ерекшеліктері XX ғасыр басындағы қазақ пен түрік қоғамының айқын көрінісін береді.

НӘТИЖЕЛЕР

«Ақбілек» шығармасында XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы суреттелген. Тарихи контексте XX ғасыр басындағы оқиғалар мынадай еді: Ресей патшалығының I дүниежүзілік соғысқа араласып, жеңіліс табуы; 1916 жылғы көтерілістер; Азаматтық соғыс; қазақ жерінде кеңес билігінің орнауы. Ж.Аймауытұлы «Ақбілек» шығармасының жазылуына себеп болған тарихи оқиға ретінде азаматтық соғыс жылдары екенін айтады. Қазақ ауылдарын ретсіз тонап, ойнақ салып, жауыздық көрсеткен жауыздар малын айдап, бар байлығын тартып алып отырды. Азаматтық соғыс жылдарында ақ әскерлер барынша қазақ ауылдарын тонап алуға тырысып отырған. «Ақбілек» шығармасында ақ әскерлер Мамырбай байдың қызы Ақбілекті ұрлап кетеді. Бұған себеп болған бірнеше себептер шығармада нарратив тұрғысынан көрініс табады. Бұл тұрғысында автордың өзі де былай дейді: «Манағы алты атты кім? Қыз алып қашқан орыстар кім? Бұларды қуам деп оққа ұшқан кім? Олардың кім екенін біз айтайық па? Өздеріне сөйлетейік пе?» [8, 129].

Шығармада мәдени белгі ретінде «сол көздің тартуы» қолданыс тапқан. Қаламгер оқырманды қазақы сенім арқылы қандай да бір жаман оқиғаның басталатынын жеткізеді: «– қуанар ем: сол көзім, – деді – бітті. Кім елеген ондайды?» [8, 126].

Шығармадағы ерекшелік – әр кейіпкердің ішкі психологиялық портреті. Ақбілекті орыстардың құрығына түсіріп берген Мұқаштың портреті дәл берілген. Мұқаштың психологиялық портреті мынадай: «Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақ, жар қабақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сұр жігітпін. Жасым отыз бесте» [8, 133]. Мұқаш өзінің болыс бола алмағанын Ақбілектің ағасының кесірі деп ұғып, ішіне кек сақтап қалады. Реті келгенде ағасында кеткен кегін қайтарудың да реті келеді. Шығармада: «Елге келген соң, ауыл-ауылдан мал, киіз, төсек-орын, ыдыс-сайман алып жүрген ақтардың адамына жолығып, іш пікірім ішімде, соларға кісі болдым. Олар маған жақсы қыз тауып бер деді. Ойыма Мамырбайдың Ақбілегі сап ете түсті. Ағасының қылғанын алдына келтіретін маған да күн туды» [8, 135], - деп Мұқаштың тірлігінің мәнісін түсіндіреді. Дегенмен көп ұзамай Мұқаштың тірлігі білінеді.

Ақбілек жайы шығармада психологиялық тұрғыдан жоғары дәрежеде суреттелген. Ішкі күйі, ел арасындағы өсек-аяннан жасқануы бәрі-бәрі асқан дәлдікпен бейнеленген. Ақбілек екі бірдей ауыр оқиғаны бастан кешеді: анасынан айырылады, Мұқаштың кегінен өзі зардап шегеді. «Қара мүрт» дегенін жасап, тіпті өлтіріп кетуді де ойлайды. Ақтардың жеңіліс тапқан кезде басқа жаққа аттанбақ болады. Сол кезде Ақбілекті ешкімге қимай, өлтіруді көздейді. Алайда Ақбілек аман қалып, ел ішіне оралады. Ел ішінде өсек-аяң дамылсыз таралып, Ақбілек «тірі өлікке» айналады. Анасынан айырылып, құса болған Ақбілек өзінің жүктілігін біліп одан сайын құлазиды. Анасының орнына келген Өрік әркез Ақбілекті кемсітіп отыруға құмар болады. Соның бірінде: «Құдай сендей абиыры кеткеннен, орыс салдақылағаннан сақтасын!» [8, 263], - деп зәрін шашады. Арада бес жыл өткен соң баяндалатын оқиғада Ақбілек оқу оқып ысылған, қала өнеріне бейімделген. Ақбала, Балташ сынды жігіттермен танысады. Екі оқыған жігіт Ақбілекке сезімдерін жеткізіп, ғашық екенін білдіртеді. Алайда Ақбілектің өткенін білген Ақбала теріс айналып кете барады. Балташ болса «- Сенің өткен күндерің маған керек емес, адамшылығың керек. Өткенге сен жазалы емессің» [8, 299], - деп сөзін айтып, көңілін білдіреді. Оқыған, жақсы мен жаманның айырмасын білетін Балташ Ақбілектің өткеніне кінәсі жоқ екенін жақсы түсінді. Ештеңеге қарамастан Ақбілекпен бірге болатынына кәміл сенді. Ақбілек өз туысы Камила жайын сөз еткенде бүкіл қазақ әйелінің жайы көрінеді: «Тым болмаса Камила байғұс бізді шығарып салуға да келе алмады-ау! «Күйеуінен, қайын аға, абысындарынан айбынады ғой, қорынады ғой. Оқымаған әйел қор ғой! Қапастағы құстай ғой!» деген ойлар келді» [8, 301]. Оқымаған қазақ әйелінің қапаста қамалып, халықтың ұят, ар сынды стереотиптерге көне беретіні шығармада Ақбілектің ойларында көрініс береді.

Ақбілектің әкесі Мамырбай халық арасындағы беделін уайымдап, қызының хәліне шыдай алмайды. Қарындасының жайын естіген Төлеген Ақбілекті өзімен қалаға әкетіп, оқуға жібереді. Осы кезден бастап Ақбілек оқудың жолына түсіп, қатарының алдына айналады. Қаншама қиындықтан соң «жеңіске қол жеткізген» Ақбілек өзін түсінетін, өзін қадірлей алатын азаматты, өз теңіне қосылады. Шығарманың соңында туған жеріне оралып, бұрынғы оқиғалар ұмытылып, Ақбілектің абыройы арта түседі.

Шығармада халқымызда қалыптасқан әйел жайлы стереотиптер айқын көрініс береді. Мәселен туындыда былай берілген: «Үй міндеті әйелде, түз міндеті байында» [8, 144]. Үйдің бар жағдайы, бала тәрбиесі – әйелде. Одан басқа іске әйелдің араласуға хақысы жоқ екені осы жолдардан көрінеді. Тіптен ел арасында қызын оқыту тіптен құпталмайтын. Оқымаған әйелдің бұрынғы, көнерген салт-дәстүрдің, ұяттың құрбанына айналатыны шығармада айқын беріледі. Ендігі кезекте «Беймаза бозторғай» шығармасына тоқталсақ.

«Беймаза бозторғай» шығармасында ХХ ғасыр басындағы түрік тарихындағы елеулі оқиғалар қамтылған. Осман империясының тоқырап, түрік халқының болашағы бұлдыр кезеңі суреттеледі. Автобиографиялық негізде жазылған «Беймаза бозторғай» шығармасы жаңа кезеңдегі мәдени, әлеуметтік құндылықтардың өзгеруін ғана емес, жаңа әйел типін

қалыптастырады. Еркін, өз дегеніне қол жеткізе алатын әйел бейнесі ХХ ғасыр басындағы түрік қоғамы үшін жат еді. Фериде кішкентай кезінде ата-анасынан айырылып, туысқан Бесиме тәтесінің үйінде тұрады. Француз миссионерлік пансионда білім алады. Алайда оның өмірін өзгерткен оқиға Кемранның басқа қызбен көңіл қосуы еді. Осыны білген сәттен Фериде үйден қашып, қазіргі Түркияның шалғай аудандарында мұғалім болып жұмыс жасайды. Түркияның шалғай өңірлерінде жүріп, сол кездегі болып жатқан тарихи оқиғалар да шығармада көрініс береді. Түрік әскерлерінің өз жерін қорғау үшін жандарын құрбан етіп, жан алысып, жан берісіп жатқаны да суреттеледі.

Фериде – мұсылмандық шарттармен өмір сүретін қоғамда «өз күшімен жұмыс істеп, табыс тауып жүрген» қыз. Өз ғашығы Кемранның сатқындығын кешіре алмайды. Ыстамбұлдан кетіп, шалғай аудандарда сабақ беріп, табыс табады. Десе де Фериде кедергілерге ұрынады. Басты кедергісі – «сұлулығы». Қандай болсын өңірге келсе де, барша ер адамдардың назары – Фериде. Тіпті өздері «Гүлшекер» деп те ат қояды. Шектен тыс ер адамдардың назары Фериденің бір өңірде ұзақ тұра алмауына әкеледі. Қолы жетпеген жігіттер Фериде жайлы жаман пікірлер айтып, халық арасына таратады. Анадолы жерінде де, басқа да өңірлерде де ұзақ тұрақтамайды. Көңіл білдірген жігіттерді кері қайтаруы Фериденің Кемранға деген сезімінің бар екенін білдіреді. Мәселен шығарма аяғында Фериденің күнделігінің Кемранның қолына түсуі, ондағы Кемранға деген шынайы ниеті дәлел бола алады. Өмірдің күтпеген қалтарыстарында өзінің еркіндігін жоғалтпаған Фериде образы түрік қоғамына жаңа өзгеріс әкелді. Табыс табу, жұмыс жасау ол жылдары түрік қыздарына тән емес еді. Фериденің арманы қоғамға, айналасына өзінің пайдасын тигізу болған. Шығарма барысында Фериденің арманы ұстаздық ету арқылы орындалғанын көреміз. Десе де ол кезең мұсылмандық ұстанымдары берік түрік қоғамы еді. Шығармада құстар жайлы мынадай пікірлер кездеседі: «Птицы – неразумные существа, которые сами не знают, чего хотят...»; «... птиц надо насильно сажать в клетку...» [9, 178], - деген үзінділер тіптен құстар жайлы емес, түрік қоғамындағы әйелдер жайлы екенін аңғарамыз. Яғни құстар өмірден өз орнын іздеген әйелдердің символдық көрінісі саналады. Сол кезеңдегі түрік қоғамында әйелдер қамаудағы құстармен бірдей дәрежеде болған. Осыдан-ақ Фериде образының жаңашыл образ екенін түсінуге болады.

ХХ ғасырда орын алған тарихи оқиғалар Фериде образын сомдауда жанама рөл атқарады. Дегенмен түрік қоғамының тәуелсіздігін сақтауға ұмтылуы әр өңірлерде жүріп жатқан соғыс әрекеттерін атаудан айқындалады. Енді бір жағынан түрік қоғамындағы айтулы өзгерістердің орын алып жатқанын көреміз. Фериденің оқиғасы Р.Н.Гюнтекиннің өмірлік тәжірибесіне ұқсас. Басты кейіпкер Фериде сынды автор Решад Нури Гюнтекин француз миссионерлік колледжінде білім алған, балаларды оқытумен айналысқан. Автор өзінің өмірлік тәжірибесі негізінде Фериденің болмысын бейнелей білген. Шығарма үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Фериденің өмірге келуінен бастап, Кемранмен айырылысу уақытын қамтиды. Екінші бөлімде Фериденің өз сезімдерін баяндайтын күнделік түрінде берілген. Соңғы бөлімде оқиғалар легі үшінші жақтан беріліп, әр кейіпкердің жан-дүниесін айқын көрінеді. Бұндай детальды суреттеу оқиғаларға жан-жақты қарауға мүмкіндік береді.

Фериде кішкене күнінен ашық мінезімен, шынайылығымен ерекшеленеді. Ұстаздық қызмет атқарып, қазіргі Түркияның Бурса, Анадолы, Ыстамбұл жерлерінде оқушыларға сабақ берген Фериде қоғамға өз пайдасын тигізуге ұмтылады. Өмірден өз орнын табуға тырысқан Фериде өз жолында кездескен қиындықтарға қарсы тұрып, қоғамдағы әйелдердің де қоғамдық істермен айналысып, пайдалы бола алатынын көрсетті. Фериде үшін «еркіндік – қоғамға пайдалы болу». Шығармада Фериде әйел ретінде де, ұстаз ретінде де қалыптасқан қоғамның толыққанды мүшесіне айналады. Осылайша автор Р.Н.Гюнтекин ХХ ғасыр басында түрік қоғамында болып жатқан оқиғаларға қарамастан Фериденің потенциалын толық ашып, қоғамдағы әйелдердің рөлі маңызды екенін көрсетеді.

Түрік қоғамында айқын көрінетін әйелге қатысты діни шектеулер қазақ қоғамында «ар», «ұят» ұғымдарымен толықтырыла түседі. «Ақбілек» шығармасында бірқатар оқыған қазақ әйелдерінің, ауыл арасындағы оқымаған әйелдерінің бейнесі сомдалады. Соның ішінде

Ақбілектің жақын туысы Камиланың тағдыры бүтін қазақ әйелінің күйін көрсетеді. Оқымаған қазақ әйелінің ел арасындағы беделі мен абыройы күнделікті күйбең тірліктің көлеңкесінде қалып қоятыны Камила образымен берілген. Шығарманың екінші тарауында өрбитін Ақбілек пен Камиланың диалогынан түр-түсіне, болмыс-бітіміне, гендерлік ерекшеліктеріне қарамастан «заман – оқығандікі» екені айқын аңғарылады. Оқу арқылы ел-жер көріп, жақсы мен жаманды ажыратып, қоғамға өз пайдасын тигізу әйелдердің құқығы екені «Ақбілек», «Беймаза бозторғай» шығармасының негізгі тақырыптық желісі екенін көреміз.

ТАЛҚЫЛАУ

Екі шығарманы да қарастыра отырып, мынадай негізгі талқылаулар анықталады. Жекелей қарастырсақ.

«Ақбілек пен Фериде – өз заманындағы қиындықтарды оқу-біліммен жеңген образдар». Өмірде көрген қорлықтарына, қиындықтарына қарамастан, алдағы күннен үміт үзбеген Ақбілек пен Фериде қалыптасқан стереотиптерге қарсы шыға білді. Олардың ерік-жігерінің мықты болуы – оқумен, білім алумен байланысты. XX ғасыр басындағы қазақ, түрік қоғамы мұсылмандық шарттарын қатаң сақтады. Сонымен бірге ұят түсінігі де тек қыздарға ғана қолданылып, салт-дәстүрмен шектеп отырды. Осы орайда Ақбілекке назар аударатын болсақ, Мұқаштың кесірінен зардап шексе де, бар оқиғаның кінәлісі өзі болып шыға келді. Халық арасындағы «ұят» түсінігі әйелдің еркін шектеп, қорлық, зорлық көрсетудің себебі ретінде көрінеді. Өз жақындарының қыспағына ұшыраған Ақбілек өз әкесінен қолдау күтеді. Алайда әкесі қолдау көрсетудің орнына құтылуды ойлайды. Әкесі халық арасындағы өз беделін ойлап, Ақбілектен бас тартады. Ақбілек үшін әкесінің бұл әрекеті «өліммен» бірдей болды. Шығармада мынадай деталь бар: «Шыбын жан құрғырды ойлай беріппін-ау... Япыр-ау! Бұлар мен туралы не ойлайды екен? Мені арамдалмай аман келді деп кім ойлайды дейсің? Әлде менің тірі қалғанымнан да өлгенімді тіледі ме екен?» [8, 174] – деген үзінді Ақбілектің ішкі уайымын көрсетеді. Екі образдың ұқсас тұстары оқу-білімді игерген, жаңа көзқарасты тұлға болуынан көрінеді. Екеуінің айырмашылығы да бар. Ақбілектің басынан өткен қиын жағдай; туған-туыс, туған әкесінің Ақбілектен бас тартуы; Фериде ата-анасынан айырылған, тағдыр талқысын ерте көрген; ер адамдардың тек сұлулығына қызығуы сынды айырмашылықтар бар. Феридеге көңіл білдірген жігіттер оның сұлулығына ғана қызығады. Әрбір көңіл білдірген жігіттерге қарсы жауап берсе, олар Феридені қаралаудан танбады. Бұл сол кезеңдегі ер адамдардың әлсіздігінің көрінісі болса керек.

Ақбілек пен Фериде образдарындағы ортақ ұқсастық – өмірлерінде кездескен қиындықтарға мойымай, жеңіске жетуі. Оқыған, өз заманының озық ойлы образдары ретінде сомдалған Ақбілек пен Фериде қоғам үшін пайдалы болуға талпыныс жасайды. Ақбілек біраз уақыт ара салып, өз ауылына оралады. Көзі ашық, көкірегі ояу Ақбілек өз замандастарының хәлін көріп, қазақ әйелдерін оқытудың маңызды екенін көреді. Жеңгесімен бірге ауыл әйелдерінің сауатын ашуға әрекет етеді. «Ақбілек баяғы емес. Өзгерген, өнер тапқан, жетілген, ысылған. Әйелдерге көсем болған. Бұрынғы бұйығы, ұялшақ, сызылған, мұңайған Ақбілектің ізі де жоқ. Ақбілектің қылығын, ісін көргенде ақсақал таңданады: «Бұл қалай боп кеткен? Қаланың не қасиеті бар? Жұп-жуас, ұялшақ бала емес пе еді?» деп ойлайды. Қалайда Ақбілек жат, Ақбілек өнерлі! Ол енді ақсақалдың ғана баласы емес, көптің баласы. Енді ақсақал одан именеді» [8, 301]. Фериденің жеңіске жетуі Ыстамбұлға оралып, өз ісін әрі қарай жалғастыруынан көрінеді. Өз теңіне қосылып, өзі оқыған пансионға басшылық ету өмірден өз орнын тапқан Фериденің үлкен жетістігі екені сөзсіз. «Беймаза бозторғай» шығармасында түрік қоғамындағы әйелдер тордағы құстарға теңеледі. Алайда басты кейіпкер Фериде бозторғай сынды еркін, шектеулер мен таптаурындарға сыймайтын болмысқа ие. Осылайша шығармадағы еркіндіктің символдық мотиві бозторғай арқылы көрінеді. Фериденің өмірлік ұстанымы былай көрінеді: «Ах, дорогая Гюльмисаль, кто знает, как прекрасны места, куда я поеду! Арабиستان мне помнится смутно. Анатолия, конечно, во

много раз красивее. Говорят, анатолийцы совсем не похожи на нас. Сами они, говорят, совсем нищие, но зато сердцем богаты, да еще как богаты!.. У них никто не посмеет попрекнуть совершенным благодеянием не то что бедного сиротку- родственника, но даже своего врага. У меня там будет маленькая школа, я ее украшу цветами. А ребят будет в школе целый полк. Я велю им называть себя аблой. Детям бедняков я буду собственными руками шить черные рубашки. Ты скажешь: какими там руками?.. Не смейся. Я и этому научусь» [9, 69].

«Ақбілек пен Фериде – гендерлік аспектінің әдебиеттегі алғашқы көрінісі». Көркем әдебиетте әйел образының жоғары деңгейде, тарихи контексте қатар суреттей алу Ж.Аймауытұлы мен Р.Н.Гюнтекиннің ғана қолдарынан келді. Ештеңеге қарамастан өмірден өз таба алған екі кейіпкер Ақбілек пен Фериде заманның қиындығына қарамастан ерлермен бірдей дәрежеде екенін көреміз. Ақбілек өзі оқу оқып, білім алған соң, өзі өскен өңірде қазақ әйелдерінің сауатын ашу қызметін өз мойнына алады. Фериде болса кезінде өзі оқыған жеке пансионердің иесі атанып, кейінгі буын қыздардың оқуына, білім алуына жағдай жасайды. Бұдан екі кейіпкерді жеңіске жеткен деп пайымдауға болады. Алайда көркем шығармада «гендерлік теңдіктің» алғашқы белгілері бар. Алғашқы белгісі – ер адамдармен тең дәрежеде білім алу, қоғамда өз орнын табу еді.

Р.Н.Гюнтекин қиын кезеңде, реформалар дәуірінде мықты кейіпкерді сомдап, толық деңгейде потенциалын аша білді. Ж.Аймауытұлы да жеке драмасын бастап кешкен Ақбілектің өзінен кейінгі қазақ әйелдерін сауатын ашуға ұмтылуын суреттеп, әйел ретінде қалыптасуын жоғары дәрежеде бейнелейді. Ақбілек пен Фериде ер адамдармен қатар қоғамға пайдалы екендерін іспен дәлелдей алды. «Гендерлік теңдік» идеясы ер мен әйел адамның гендеріне байланысты бөлінуге қарсы. Қандай жағдайда әйел адамды ер адаммен тең көруге бағытталған. Адамды бағаланғанда оның әйел не ер адам екені емес, қандай іс атқарды, қоғамға пайдалы ма деген ұстанымдар алдыға шығады. Осылайша Ақбілек пен Фериде қоғам үшін пайдалы, келешек үшін ұтымды шешімдер қабылдайды. Сол мақсат жолында еңбек етеді.

Қоғам үшін пайдалы болу, әлеуметтік өзгерістердің бастауы болған Ақбілек пен Фериде образдары қазақ, түрік әдебиеттеріндегі гендерлік аспектінің сомдалуының алғышарты болды. XX ғасыр басында орын алған қоғамдық өзгерістер тарихи әрі әлеуметтік сипатқа ие болды. Бұған дейін әйелдер оқу, білім алу, қоғамға пайдалы болу мақсаты болмады. Керісінше олар мұсылмандық ережелерге сәйкес үйде, бала-шаға қасында болуы тиіс еді. Қазақ, түрік жеріндегі өзгерістер гендерлік ұстанымдарды қайта қарау қажеттігін көрсетті. XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары қазақ әйелінің оқу жайын, теңдігін биік мінберлерден сөз етіп, негізгі мәселе ретінде көтерді. Түрік қоғамындағы өзгерістерде әйелдердің қоғамдық, саяси белсенді болуын маңызды мәселе ретінде көрсетті. Осылайша қазақ, түрік әдебиетіндегі ұқсастық бірдей қоғамдық түсініктерден көрініс береді. Екі ел әдебиетіндегі ұқсастық әйелдің теңдігін, қоғамдағы алар орнын айқындаудан туындайды. Көркем шығармада әйел образын терең психологиялық суреттеу мен қилы тағдыр тоғысын бейнелеу авторлардың жеке өмірлік тәжірибесімен қатар, азаматтық ұстанымдарын да көрсетеді. Ж.Аймауытұлы, Р.Н.Гюнтекин өз заманының алдыңғы қатарлы оқыған азаматы ретінде қоғамда болып жатқан теңсіздіктерді саралай келе, әйелдің оқуы, жұмыс жасауы құқығы екенін туындысында жеткізуге тырысады.

«Ақбілек пен Фериде – көркем шығармадағы әлеуметтік образ». Ақбілек пен Фериденің басынан кешкен оқиғалары өздері өмір сүрген қоғамдағы әлеуметтік мәселелермен байланысты еді. Зерттеуімізде Ақбілек пен Феридені әлеуметтік образ аясында қарастыруды басты нысан ретінде алдық. Осы ойымызды өрбіте түссек. Ақбілек өмір сүрген қоғамның келбеті – «ұят» түсінігіне негізделген, қоғамның пікіріне тәуелді. Халық арасындағы неше түрлі алып-қашпа пікірлер адам өміріне тікелей әсер етуге дейін барады. Ақбілек өзінің аман қалғанына қайғырып, өзін өлтіру жайында ойлаған еді. Алайда ертеңгі күнге деген сенім тек алдыға қарай жетелей берді. Ақбілек образы арқылы қазақ қоғамының бейнесі айқын көрінеді. Жұрт пікірінен қысылу, қоғамдық пікірден қорқу шығармада

Мамырбайдың әрекетінен көрініс береді. Сол кезеңдегі тарихи оқиғаларды сараптайтын болсақ, ақтар мен қызылдардың соғысы қазақ жерінде кескілескен айқасқа ұласқан еді. Сол бір жылдары ақтар тарапы қазақтарға тырнағын батырып, ойларына келгенін жасады. Шығарманың тарихи шындыққа жақын тұсы да – осы ақтардың әрекеті. Осындай дүрбелең уақытта өз қызын қорғап, қандай жағдай болмасын қолдау орнына теріс қараған әке әрекеті оның жұрт пікірі алдындағы әлсіздігін көрсетеді. Атастырылған жары Бекболат та батылдық таныта алмай, қанша жерден ұнатса да, жұрт пікірі алдында әлсіздігі танылады. Болған оқиғаға Ақбілектің кінәсі жоқ. Осы екі араны пайымдай алмаған әке де, ғашық жігіт те қазақ қоғамындағы жұрт пікірінен қорқудың айқын көрінісі еді. Сол кезеңдегі қоғам жаңашылдықты қабылдауға әлі де дайын емес, әйелдерді малдан төмен көретін таным белең алып тұрды. Олардың басты қызметі – тұрмыс құру, үй жайы, бала тәрбиесі. Қоғамда өз орнын табу, өзі қалаған оқуды оқу немесе жұмыс жасау әйелдерге арналмаған. Көбіне бұл ер адамдардың ісі деп қабылдайтын.

Ақбілектің басына түскен қиындықты қабылдамай, өзі жасамаса да (Мұқаштың озбырлығы) өзін кінәлаған жақындары, ауылдастарының пікірлері қазақ қоғамындағы әйел жайлы көзқарастарды толық күйінде көрсетеді. Қандай да бір масқараға ұшыраған сәтте әйелдің өзін кінәлау сол кезеңге, қоғамдық құрылысқа тән еді. Бұндай азапқа, қорлыққа білім алып, жетістікке жету арқылы ғана Ақбілек жеңіп шығады. Оқу, білім алу, алдыға талпыну сол уақытта қазақ әйелдері үшін мүмкін емес еді. Ж.Аймауытұлы бір естелігінде Ақбілектің жазылуына өзінің ауылына барған сапарында көрген оқиға себеп болғанын айтқан. Қазақ қызының құлдыққа түсіп, шарасыз күйге түсуі қаламгердің жалпы қазақ қоғамындағы әйелдің орнын сомдауға әкеледі. Басына түскен қиындықпен жалғыз қалған Ақбілекке демеу беріп, қолдаған ағасы мен жеңгесі оқуын басты талап етіп қояды. Алыс Орынборға оқуға барып, ғылымды меңгереді. Өз заманының алдыңғы қатарлы оқу орнында білім алып, басына түскен қиындықты жеңіп шығады. Қазақ әйелінің оқуы керек екенін қаламгер Ақбілек образы арқылы көркем түрде жеткізеді.

XX ғасыр басында қазақ интеллигенциясы бар газет-журнал беттерінде қазақ әйелінің теңдігін, білім алуы мәселесін көтерді. М.Әуезов әйелдің адамшылықтың бастауы екенін, оқыған әйел ғана баласына лайықты тәрбие бере алатынын баса айтты. Әйелдің де қоғамда өз орны бар екені, ел ісіне олардың белсене қатысуға қақысы бары айтыла бастады. «Ақбілек» шығармасында да қазақ әйелінің қоғамда алар орны айтылады.

Шығармада Ақбілекті оқуға талаптандырған өз туған ағасы – Төлеген мен жеңгесі еді. Білім алу арқылы Ақбілек өз басына түскен тағдырдың ауыр азабынан құтылып, қатарластарының алдына айналады. Өзгелердің аянышты көзқарасы, әкесінің теріс қарауы қанша жанына батса да, қоғамда қалыптасқан түсініктер тек оқымаған әйелдерді шектей түсетінін жете түсінді. Әйелдердің еркіндігін қоғам болып шектеп, «ұят», «ар» түсініктерін, салт-дәстүрлерін тек әйелге ғана қолдануы – шығармада көтерілетін әлеуметтік мәселе. Ақбілектің басынан өткен оқиғаға «Қара мұрт» немесе «Мұқаш» кінәлі деп танылмайды, керісінше Ақбілектің өзі кінәлі. Осы тараптан Ақбілек образы әлеуметтік сипатта көрініп, қоғамның әйел жайлы түсінігі көрінеді. XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы әйелдердің еркіндігін шектеп қоймай, қоғамдағы орнын көрсетуге тырысады. Бұған бейімделе алмаған, керісінше қарсы шыға білген Ақбілек «жеңімпаз образға» айналады.

Фериде образы арқылы түрік қоғамында әйелдер жайлы қалыптасқан түсініктер көрініс табады. Түрік қоғамында әйелдер торға қамалған құс тәрізді. Р.Н.Гюнтекин түрік қоғамы үшін жаңа әйелдің образын жасап, түрік әдебиетіне жаңашылдық әкеледі. Ата-анасынан жетім қалып, өз сүйгенінің сатқындығын көрген Фериде өзінің қоғамдағы орнын іздей бастайды. Тұлға ретінде өзін қалыптастыруға қадам жасайды. «Беймаза бозторғай» автобиографиялық шығарма болғандықтан, автордың педагогикалық тәжірибесі Фериде образында да көрініс береді. Фериденің шалғай түрік жерлерінде сабақ беруі – автордың жеке тәжірибесі.

Ақбілек пен Фериде образдарын жақындастыра түсетін тұс – олардың армандары. Ақбілек қазақ ауылында қараңғылықтың, ескіліктің құрбаны болып отырған қазақ әйелдерін

оқуға, сауатты болуға шақырса; Фериде түрік қыздарының пансионда емін-еркін оқуына жағдай жасауды көздейді. Алайда шығарма соңының аяқталуы жөнінде бірнеше пікірлер бар. Мәселен зерттеуші А.Радуджану Джейн мен Фериде образдарын салыстыра келе, олардың шығарма соңында бір адамның ғана оқытушысы, қамқоршысы болғанын айтады [10, 44]. Алайда Фериденің тұтастай өзі оқыған оқу орнының иесі болғанын ескерсек, қоғамдық қызметті де ұмытпағанын көреміз. Десек те, Фериде үшін Кемранның баласына қамқорлық жасаудың да маңызды екенін анықтаймыз. Қоғам үшін пайдалы болуды көздеген арудың арманының биіктігі сол кезең үшін үлкен жаңалық. Шығарманың соңында Ақбілек өз ауылына келіп, ауылындағы, тіптен көрші ауылдардағы әйелдерді жинап, олардың сауатын ашуға бел буады. Өзі қатыгездіктің құрбаны болса да, өзгелерге қамқорлық жасауды мақсат етеді.


ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ және түрік әдебиетіне жаңашылдық әкелген Ақбілек пен Фериде образдары – XX ғасырдағы мәдени, әлеуметтік құндылықтардың ауысуының нәтижесі. XX ғасыр басында қазақ және түрік қоғамы ислами догмаларға негізделген еді. Қалыптасқан түсініктер әйелдің еркіндігін шектеп, қоғамдағы орны отбасы мен ошақ қасында деп түсінілетін. Көркем шығармалардың көбінде де әйелдер образы ерекшелене бермейтін. Десе де Ж.Аймауытұлы мен Р.Н.Гюнтекин шығармаларында әйелдердің «жаңа» образын жасап, әйелдердің қоғамдағы маңызды орнын көрсетеді.

Екі автордың шығарманы жазуы өздерінің жеке тәжірибелеріне негізделген. Ақбілек қазақ қоғамындағы «өз дегеніне жете алған» тұлға болса, Фериде «өз армандарын орындай алған» әйел образы ретінде әдебиетте орны бар. Ақбілек пен Фериде образдарын өзара салыстыра келе, ұқсас тұстары ретінде: оқыған, интеллигент болмыстары; гендерлік аспект мәселесінің бастамаларының көрініс беруі; әлеуметтік образ ретінде сомдалуы анықталған. Екі кейіпкер тағдырдың қиын сынақтарына жолықса да, ертеңгі күннен үміттерін үзбейді. Екеуі де қоғамға пайдалы болуға тырысады. Ақбілек өз ауылына келгенде қазақ әйелдерінің сауатын ашуды көздесе, Фериде өзі оқыған пансионның иесі атанып, түрік қыздарын оқытуға бар күшін салады. Сонымен қатар өз теңдеріне қосылып, үлкен қолдауға ие болады.

Қазақ және түрік қоғамындағы әйелдер жайлы стереотиптер шығармада айқын көрінеді. Ақбілек пен Фериде бұндай шектеулер, стереотиптерге қарамастан, өз бағыттарын тауып, өз еншілерін алады. Оқу арқылы өмірлерін өзгертіп, XX ғасыр басындағы «жаңа әйелдің» образын қалыптастырады. Қорытындылайтын болсақ, ислам догмасына негізделген қазақ және түрік қоғамында Ақбілек пен Фериде образдарының сомдалуы жаңашылдықтың бастауындай көрінеді. Зерттеу қорытындысы 1-кестеде берілген.

1-кесте. Қазақ және түрік әдебиетіндегі гендерлік аспектінң көрінісі



Қорытындылайтын болсақ, «Ақбілек» пен «Беймаза бозторғай» шығармасы әйелдің қоғамдағы орнын айқындап, жаңа заман талаптарына сай әйел образын сомдағанын көреміз. Әлеуметтік образ ретінде Ақбілек пен Фериде өмір жолдарындағы қиындықтарға қарамастан, өз дегеніне жетіп, армандарын орындауға талпыныс жасайды. Жеңіске жеткен әйелдер ретінде Ақбілек пен Фериденің әлем әдебиетіндегі орны ерекше. Өмірде көрген қиындықтары мен қорлықтарына қарамастан білім алып жетістікке жетіп, қоғамдағы өз орнын таба білді. Осылайша көркем әдебиетте әйел образдарының сомдалу ерекшеліктері гендерлік аспектіде, әлеуметтік образ ретінде маңыздылығы анықталды. Ж.Аймауытұлы мен Р.Н.Гюнтекиннің өмірлік тәжірибелеріне негізделген Ақбілек пен Фериде образдары ХХ ғасырдағы қоғамдық қатынастарды көрсетіп, әйелдердің қоғамдағы алар орны нарратологиялық, интерпретациялық әдістер арқылы талданды. Автор ұстанымы арқылы көрініс тапқан әйелдер образдарын алдағы уақытта «феминистік әдебиет» негізінде тереңдете зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Grosz E. Space, Time, and Perversion. Essays on the Politics of Bodies (New York and London: Routledge, 1995), pp. 9-25
- 2 Nigmatullina A.M. Tradition and Modernism in the Works of the 20th Century Turkish Writer АН Танпинар //Journal of Sustainable Development. – 2015. – V.8. – №7. – pp. 44-48.
- 3 Нұрғали Қ., Сирияченко В. (2022). А.П.Чеховтың пен Б.Майлиннің шығармашылығындағы әйел бейнелері // «Керуен» ғылыми журналы, 74(1), Б. 126-135. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-09>
- 4 Lanser, Susan Snaider. Fictions of Authority: Women Writers and Narrative Voice. New York: Cornell University Press, 1992.
- 5 Ми К.К. Ж.Аймауытов шығармашылығындағы азаттық идея көрінісі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – Т. 131. – №1. Б. 32-34
- 6 Адаева Е.С. Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, №3, 2023. Б. 85-101 DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.06>
- 7 Ысқақұлы Д., Жакенбаева М.К. Қазақ қоғамындағы әйел болмысының ұлттық әдебиетіміздегі көрінісі // Керуен №1, 74-том, 2022. Б. 52-62 DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-03>
- 8 Аймауытов Ж. Ақбілек: Романдар. – Алматы: RS, 2013. – 320 бет
- 9 Гюнтекин Р. Н. Королек – птичка певчая / перевод с турецкого И. Печенева. – СПб.: ООО «Издательство «Черная речка», 2019. – 447 с.
- 10 Raducanu A. Outer Mobility, Inner Becoming in *Jane Eyre* and *The Autobiography of A Turkish Girl* // Gender Studies. 2007. Issue 06. P. 37–47.

Материал 17.08.2025 баспаға түсті

Женские образы в казахской и турецкой литературе (на примере прозы Ж. Аймауытова и Р.Н. Гюнтекина)

А.К. Хусаинова

Alikhan Bokeikhan University, 071410, Семей, Қазақстан Республикасы

Представление гендерных аспектов в казахской и турецкой литературе начинается в ХХ веке. ХХ век ознаменовался различными историческими событиями, изменением культурных ценностей, а также подъемом вопроса о равенстве женщин. Казахское и турецкое общество основано на исламских концепциях. Соответственно, есть сходства и в женском вопросе. Цель исследования – изучение гендерного аспекта в казахской и турецкой

литературе. Основные направления и идеи исследований связаны с феминистской литературой, гендерным аспектом. Научную значимость работы можно увидеть из изучения творчества Ж.Аймауытули и Р.Н.Гюнтекина в гендерном аспекте. Практическая значимость связана с анализом образов Акбилек и Фериде. В исследовании использовались методы нарративного анализа и методы контентно-ориентированного анализа. В результате в рамках художественного произведения анализируется место женщины в казахском и турецком обществе. В результате анализа образы Акбилек и Фериде были идентифицированы как «социальные образы» и установлено, что они передают важные социальные проблемы казахского и турецкого общества. Ценность исследования определяется не только местом женщины в казахском и турецком обществе, но и образом творческой, побеждающей женщины. В рамках социального имиджа индивидуально анализируется образ Акбилек и Фериде, сумевших стать победителями вопреки требованиям общества.

Ключевые слова: Феминистская литература, гендерный аспект, проза, социальный образ, образ общества.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Grosz E. Space, Time, and Perversion. Essays on the Politics of Bodies (New York and London: Routledge, 1995), pp. 9-25
- 2 Nigmatullina A.M. Tradition and Modernism in the Works of the 20th Century Turkish Writer АН Танпинар //Journal of Sustainable Development. – 2015. – V.8. – №7. – pp. 44-48.
- 3 Нұрғали Қ., Сирыченко В. (2022). Женские образы в творчестве А.П. Чехова и Б. Майлина // «Keruen» научный журнал, 74(1), С. 126-135. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-09>
- 4 Lanser, Susan Snaider. Fictions of Authority: Women Writers and Narrative Voice. New York: Cornell University Press, 1992.
- 5 Ми К.К. Проявление идеи свободы в творчестве Ж. Аймаутова // Вестник КазНУ. Серия «Филология». - 2011. – Вып. 131. – № 1. С. 32-34
- 6 Адаева Е.С Гендерные аспекты изучения казахской литературы // Вестник Евразийского гуманитарного института, №3, 2023. С. 85-101 DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.06>
- 7 Ысқақұлы Д., Жакенбаева М.К. Отражение в национальной литературе женской действительности в казахском обществе // Керуен №1, 74-том, 2022. С. 52-62 DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-03>
- 8 Аймауытов Ж. Акбилек: Романы. – Алматы: RS, 2013. – 320 бет
- 9 Гюнтекин Р. Н. Королек – птичка певчая / перевод с турецкого И. Печенева. – СПб.: ООО «Издательство «Черная речка», 2019. – 447 с.
- 10 Raducanu A. Outer Mobility, Inner Becoming in Jane Eyre and The Autobiography of A Turkish Girl // Gender Studies. 2007. Issue 06. P. 37–47.

Материал поступил в редакцию журнала 17.08.2025

Female images in kazakh and turkish literature (based on the example of the prose of Zh. Aimauytov and R.N. Gyunetkin)

A. Khussainova

Alikhan Bokeikhan University, 071410, Semey, Republic of Kazakhstan

The presentation of gender aspects in Kazakh and Turkish literature emerged prominently in the 20th century, a period marked by significant historical events, shifts in cultural values, and the rise of issues related to women's equality. Both Kazakh and Turkish societies are influenced by

Islamic concepts, which contributes to similarities in how women's roles and issues are represented.

The purpose of this study is to examine gender aspects in Kazakh and Turkish literature, with a focus on feminist perspectives and the representation of women. The research analyzes the works of J. Aymayutuli and R. N. Gyuntekin to explore the scientific significance of gender representation, while practical significance is demonstrated through the analysis of the literary images of Akbilek and Feride.

The study employs narrative analysis and content-oriented methods to investigate the portrayal of women. The analysis shows that women's roles in Kazakh and Turkish societies are reflected through these literary works. The characters of Akbilek and Feride are identified as "social images," representing key social issues while simultaneously embodying creativity, resilience, and triumph within the constraints of societal expectations.

The value of this study lies in its examination of both the societal position of women and the literary representation of victorious, creative female figures. Within the framework of social images, Akbilek and Feride are analyzed individually as examples of women who successfully navigate social limitations and achieve personal and societal success.

Key words: Feminist literature, gender aspect, prose, social image, image of society.

REFERENCES

- 1 Grosz E. Space, Time, and Perversion. Essays on the Politics of Bodies (New York and London: Routledge, 1995), pp. 9-25 [in English]
- 2 Nigmatullina A.M. Tradition and Modernism in the Works of the 20th Century Turkish Writer AH Tanpinar // Journal of Sustainable Development. – 2015. – V.8. – №7. – pp. 44-48. [in English]
- 3 Nurgali, K., & Siryachenko, V. Representation of female images in the creative works of A.Chekhov and B.Maylin. *The Scientific Journal "Keruen"*, 74(1), pp. 126-135 (2022). DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-09> [in English]
- 4 Lanser S. S. Fictions of Authority: Women Writers and Narrative Voice. New York: Cornell University Press, 1992. [in English]
- 5 Mi K.K. Zh.Aimayutov shygarmashylygyndagy azattyk idea korinisi [The manifestation of the idea of freedom in the work of Zh. Aimaurov] // KazUY Habarshysy [Bulletin of the KazNU]. Philology series. – Vol. 131. – No. 1. pp. 32-34 (2011). [in Kazakh]
- 6 Adayeva Y.S. Kazakh adabietin zertteudinde genderlik aspektleri [Gender aspects of studying Kazakh literature] // EGIY Habarshysy [Bulletin of the EHI]. №3. pp. 85-101 (2023) DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.06> [in Kazakh]
- 7 Yskakuly, D., Zhakenbayeva M.K. Reflection in the national literature of women's reality in the Kazakh society // *The Scientific Journal "Keruen"*, 74(1), 52-62 (2022). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-03>
- 8 Aimaurov Zh. Akbilek: Romandar [Akbilek: Novels] (Almaty, 2013). [in Kazakh]
- 9 Gyuntekin R.N. Korolek ptichka pevchaya [The Wren] (Saint Petersburg, 2019). [in Russian]
- 10 Raducanu A. Outer Mobility, Inner Becoming in Jane Eyre and The Autobiography of A Turkish Girl // Gender Studies. 2007. Issue 06. P. 37-47. [in Turkish]

Received: 17.08.2025